



Қызметкерлердің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты жарақаттануынан, кәсіби науқасынан немесе денсаулығына өзгедей зақым келгендей шеккен зиянды алуға құқылды екенін өзара тану туралы Келісімді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 ақпандығы N 201

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Әзіrbайжан Республикасы, Армения Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Россия Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина Үкіметтері жасасқан, Москва қаласында 1994 жылғы 9 қыркүйекте қол қойылған қызметкерлердің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты жарақаттануынан, кәсіби науқасынан немесе денсаулығына өзгедей зақым келгендей шеккен зиянды алуға құқылды екенін өзара тану туралы Келісімді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің
Қаулысы

Қызметкерлерге олардың еңбек міндеттерін орындауға байланысты жарақаттанудан, кәсіби аурудан немесе денсаулығының басқа да зақымдануынан болған зияны орнын толтыру құқықтарын өзара тану туралы келісімді бекіту туралы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі

Қаулы етеді:

Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы, Молдава Республикасы, Россия Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина ұкіметтерінің арасында жасалып, 1994 жылы 9 қыркүйекте Москва қаласында қол қойылған қызметкерлерге олардың еңбек міндеттерін орындауға байланысты жарақаттанудан, кәсіби аурудан немесе денсаулығының басқа да зақымдануынан болған зиянның орнын толтыру құқықтарын өзара тану туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кенесінің Төрағасы

Қызметкерлердің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты оларға кәсіби аурудан немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан келген зиянды өтеу құқықтарын өзара мойындау туралы

Келісім

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Осы Келісімге Үкіметтерінің атымен қатысуышы мемлекеттер,

өздерінің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты еңбек жарақатын алған, кәсіптік ауруға шалдыққан немесе денсаулығына өзге де зақым келген адамдарды әлеуметтік қорғаудың айрықша маңызын мойындай отырып,

өз мемлекеттерінің азаматтарын әлеуметтік қорғау саласындағы мәселелерді реттеу қажеттігін негізге алғып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Тараптардың (оның ішінде бұрынғы КСРО Одағының) меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына (бұдан әрі - кәсіпорындар) қолданылады.

Қызметкерлердің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты алған жарақаттан, кәсіптік аурудан немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан оларға келген зиянды өтеу жөніндегі төлемдер (бұдан әрі - зиянды өтеу) қызметкерлерге, ал олар қайтыс

болған жағдайда - кез келген тараптың азаматы болып табылатын және олардың аумағында тұрақты мекен-жайы бар, зиянды өтеу құқына ие адамдарға оның бүрын жұмыс істеген кәсіпорындарында беріледі.

Чернобыль АЭС-і апатының және басқа да радиациялық апаттардың салдарынан қызметкерлерге келген зиянды өтеу қабылданған ұлттық заңдар мен арнаулы келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

2-бап

Қызметкерге еңбек жаракатынан денсаулығының басқадай зақымдануы (оның ішінде қызметкерлер еңбек міндеттерін атқаруға байланысты өндірістегі бақытсыз жағдайдың салдарынан зардап шегуші басқа Тараптың аумағында өткен соң еңбек қабілетін жоғалтуы), өлімі бойынша оған келген зиянды жарақат алған, денсаулығының басқадай зақымданған, өлген сәтінде қызметкерге заңы қолданылған Тараптың жұмыс берушісі өтейді.

Келген зиян үшін жауапты жұмыс беруші оны өтеуді өзінің ұлттық заңына сәйкес жүргізеді.

3-бап

Егер аталған ауру алғаш рет басқа Тараптың аумағында анықталған жағдайда, зиянды өтеуді қызметкерге оның еңбек ету кезінде кәсіби ауруға ұшырағанда заңдары қолданылған Тараптың жұмыс берушісі жүзеге асырады.

Кәсіби ауруға шалдықкан қызметкер кәсіби ауру туғызатын қызмет жәйттері мен салаларында бірнеше Тараптың аумағында жұмыс істеген жағдайларда, зиянды өтеуді көрсетілген жұмыс соңғы рет аумағында атқарылған Тараптың жұмыс берушісі жүзеге асырады.

4-бап

Қызметкердің еңбек жаракаты мен кәсіби ауруының ауырлық дәрежесін қайта қарастырылғанда өз аумағында тұратын Тараптың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап

Тараптардың бірінің аумағында осы Келісімді жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен берілген құжаттарды немесе олардың куәландырылған көшірмелерін басқа Тараптар ресмисіз қабылдайды.

Процентке шаққандағы кәсіби еңбек қабілетін жоғалту дәрежесі мен қосымша

көмек түрлерінің қажеттігі туралы кез келген Тараптың тиісті медициналық сараптау комиссиясының шешімі қызметкердің денсаулығына келген зиянды өтеу үшін оның тұратын жеріне осы Келісімге қол қойған Тараптардың аумағында зандақ күшке ие.

6-бап

Тараптар өз аумақтарына тұрақты немесе уақытша келген қызметкерлерге (ал олар қайтыс болған жағдайда - зиянның өтеуін алуға құқы бар адамдарға) зиянды өтеу жөніндегі өкімет қаражаттарын еркін аудару және төлеуді банктер мен (немесе) почта байланысы мекемелері арқылы басым тәртіппен қамтамасыз етеді.

Зиянды өтеу жөніндегі ақша қаражатын аудару әлеуметтік мәні бар саудасыз төлемдер бойынша ақша қаражатын аудару туралы үкіметаралық Келісіммен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7-бап

Қызметкерлерге келген зиян үшін жауапты кәсіпорын жойылған

және оның құқықтық мұрагері болмаған жағдайда, аумағында кәсіпорын жойылған Тарап осы қызметкерлерге келген зиянды ұлттық зандарына сәйкес өтеуге кепілдік береді.

8-бап

Осы Келісімде көзделген істер жөнінде зардап шегушінің тандауы бойынша зиянды өтеу туралы шешім шығаруға негіз болған аумағында іс-әрекет орын алған Тараптар соты немесе аумағында зиянның өтеуін алуға құқы бар адамдар тұратын Тараптың соты құзырлы.

9-бап

Өзара уағдаластық бойынша Тараптар осы Келісімге қажетті толықтырулар мен өзгертулер енгізе алады, олар тиісті хаттамалармен рәсімделіп, осы Келісімнің ажырағысыз бөлігі болып табылады.

10-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар мұдделі Тараптардың келіссөздер жүргізуі жолымен және Тараптардың бірінің өтініші бойынша құрылған келістіруші комиссияны қоса алғанда, басқа да жалпы танылған құралдар арқылы шешіледі.

11-бап

Осы Келісіммен реттелмеген, сондай-ақ оны қолдануға байланысты мәселелерді Тараптардың өкілетті органдары қарайды.

12-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Тараптар:
ұлттық зандарды ынтымақтастық жолымен жақындастыру саясатын жүргізетін;

өз мемлекеттерінде қолданылып жүрген әлеуметтік зандар мен олардағы өзгерістер туралы бір-бірін, оның ішінде Еңбек, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі консультативтік Кенес арқылы да хабарландыратын болады.

13-бап

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қатысуышы-мемлекеттердің қажетті мемлекетішілік процедуралардың орындалғанын растайтын хабарламаларды үш Тарап депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

14-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін басқа да мемлекеттердің қосылуы туралы құжаттарды депозитарийге өткізу жолымен оған қосылуына ашық.

15-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және әр кез сайын өзінен-өзі бір жылға

ұзартылады. Әр Тарап осы Келісіммен өзінің шығатындығы туралы нистін тиісті кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бүрын депозитарийге бұл туралы жазбаша түрде хабарлау жолымен өтініш жасай алады.

16-бап

Тараптың осы Келісімге қатысқан кезеңінде адамдарға зиянды өтеу үшін тағайындалған төлемдер Тарап одан шығып кеткен соң да өзінің құшін сақтайды.

1994 жылы 9 қыркүйекте Москва қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Беларусь Республикасы Үкіметінің Архивінде сақталады, оның қуәландырылған көшірмесін ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жібереді.

Эзебайжан Республикасының Молдова Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Армения Республикасының Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Республикасының Түркменстан Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Украина Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Москва - 09.09.94